

«Сіздің Парижге билетіңіз!» науқанының ережелері

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

1.1. «Сіздің Парижге билетіңіз!» атты науқан (бұдан әрі – «Науқан») тұтынушылардың назарын аудару және Oriflame сауда белгісімен шығарылатын өнімдерге деген адалдықты арттыру, сонымен қатар Oriflame сауда белгісімен шығарылған өнімдердің тұтынушылар арасында оңтайлы имид қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

1.2. Науқанға қатысу Қатысушының Науқан ережелерімен (бұдан әрі – «Ережелер» немесе «Науқан ережелері») толық келісетіндігін білдіреді.

1.3. Науқанның ұйымдастырушысы – «Орифлэйм» ЖШС, Ұйымдастырушының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 140.
e-mail: voroskz@oriflame.com

Байланыс телефоны: + 8 800 080 0007

(бұдан әрі – «Ұйымдастырушы» немесе «Науқан ұйымдастырушысы»).

1.4. Осы Ережелер Науқан Ұйымдастырушысының www.oriflame.kz сайтында Науқан ұйымдастырушысы, Науқанды өткізу ережелері, Науқан нәтижелері бойынша жүлделер саны, оларды алу уақыты, орны және тәртібі туралы ақпарат жариялау арқылы науқанға қатысуға ашық ұсыныс болып табылады.

1.5. Науқан шарттарында берілген анықтамалар мен терминдер:

Орифлэйм Кеңесшісі – Орифлэйм компаниясында («Орифлэйм» ЖШС) www.oriflame.kz сайтында онлайн тіркеу арқылы тіркелген және осындай тіркеу арқылы өзіне Орифлэйм ЖШС-нің өнімдерін сатып алу үшін оған тағайындалған Кеңесшінің жеке нөмірін алған кез келген жеке тұлға.

2. НАУҚАННЫҢ ӨТУ МЕРЗІМІ

2.1. Науқанның жалпы мерзімі – 2020 жылдың 26 қаңтарынан 2020 жылдың 30 тамызына дейін (қоса алғанда).

2.2. Науқанға қатысу мерзімі – 2020 жылдың 26 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 15 ақпанына дейін (қоса алғанда).

2.3. Науқан Жеңімпаздары www.oriflame.kz сайтында 2020 жылдың 6 наурыздан бастап 2020 жылдың 20 наурызына дейін (қоса алғанда) жарияланады.

2.4. Науқан Жеңімпаздарына Жүлделер Ережелердің 2.3 тармағына сәйкес Жеңімпаздарды жариялаған уақыттан бастап 2020 жылғы 30 тамызға дейін беріледі.

2.5. Науқан Ережелерімен белгіленген барлық мезгілдер Нұр-Сұлтан уақытымен белгіленеді. Мезгілдер мерзім басталған күнгі сағат 00.00-ден бастап саналады және мерзім аяқталатын күннің 24.00-де аяқталады.

3. НАУҚАН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Науқанның Қатысушылары 18 жасқа толған қабілеті бар Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында заңды түрде тұратын шетелдік азаматтар болуы керек (мысалы, тұруға ықтиярхат, уақытша және тұрақты тұруға ықтиярхат, жарамды виза және т.б.).

3.2. Ұйымдастырушының қызметкерлері мен өкілдеріне, үлестес тұлғаларға, сондай қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ Науқанды ұйымдастыруға немесе өткізуге тікелей қатысатын кез келген басқа тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдеріне Науқанға қатысуға тыйым салынады.

3.3. Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ Науқан ережелерінде белгіленген құқықтар мен міндеттерге ие.

3.4. Қатысушылардың құқықтары:

3.4.1. Науқан Ережелерімен танысуға.

3.4.2. Науқанға Науқан ережелерінде белгіленген тәртіппен қатысуға.

3.4.3. Қатысушылар Науқан Ережелеріне сәйкес жеңімпаз деп танылған жағдайда Жұлделер алуға.

3.5. Қатысушылардың міндеттері:

3.5.1. Науқан Ережелерін орындауға және сақтауға.

3.5.2. Науқанға қатысу арқылы Қатысушы Ұйымдастырушыға Науқанның нәтижелерін анықтауға, Жүлде беруге, содан кейін Ұйымдастырушының жарнамалық ұсыныстарын алып тұруға жеке деректерін заңмен тыйым салынбаған кез-келген тәсілмен өндеуге келісім береді, сондай-ақ осы деректерді Ұйымдастырушының өздеріне құпиялылықты сақтау бойынша міндеттеме алған серіктес ұйымдарына беруге келісім береді.

3.5.3. Жұлделерді алған сәттен бастап Науқанға Қатысушылар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген барлық салықтарды төлеуге жауапты болады.

4. НАУҚАН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Ұйымдастырушының міндеттері:

4.1.1. Науқанды Науқан ережелеріне сәйкес өткізуге.

4.1.2. Науқан Жұлделерін Науқан Ережелеріне сәйкес беруге.

4.2. Ұйымдастырушының құқықтары:

4.2.1. Ұйымдастырушы Ережелерде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған барлық құқықтарға ие.

4.2.2. Ұйымдастырушы телекоммуникациялық және энергетикалық желілердегі, зиянды бағдарламалардағы және үшінші тұлғалардың www.oriflame.kz сайтының бағдарламалық және/немесе аппараттық кешеніне рұқсатсыз қол жеткізгенге және/немесе бұзуға бағытталған заңсыз іс-әрекеттерінен туындаған, сондай-ақ басқа да күтпеген жағдайлардың әсерінен туындаған кез-келген тікелей, жанама, ерекше шығындары үшін жауап бермейді. Ұйымдастырушы мұндай жағдайларда Науқан Қатысушыларына шығындарын өтеуге міндетті емес.

4.2.3. Егер Науқан кезінде Қатысушы (немесе оның орнына басқа біреу) нәтижелерді Науқан ережелерінде көрсетілген әдістерді қоспағанда, техникалық, бағдарламалық немесе басқа тәсілдермен өзгертуге тырысатын болса, Ұйымдастырушы Қатысушыны Науқанның кез-келген кезеңінен шығарып тастауға құқылы.

4.2.4. Ұйымдастырушының бақылауынан тыс қандай да бір техникалық немесе басқа себептер бойынша бағдарламаның компьютерлік жүйесі шектелген немесе Науқан кезінде алаяқтық жасалды деген күдік туындаған жағдайда, Ұйымдастырушы Науқанның мерзімін өзгертуге, оның ішінде Науқанды дереу тоқтатуға құқылы.

4.2.5. Ұйымдастырушы Oriflame (ЖШС «Орифлэйм») өнімінің сапасына жауапкершілігінен басқа, Қатысушыға Науқанға қатысу нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік көтермейді.

4.2.6. Егер Қатысушы өзі туралы жалған ақпарат берген болса немесе Науқан Ережелерін қандай да бір жолмен бұзған болса, Ұйымдастырушы Жүлдені Қатысушыға беруден бас тартуға құқылы. Жүлде талап етілмеген деп танылады.

4.3. Ұйымдастырушы осы Ережелерге Ережелердің 10-тармағына сәйкес тиісті ақпаратты жариялай отырып, өзгерістер енгізуге құқылы.

5. НАУҚАННЫҢ ТАПСЫРМАСЫ

5.1. Науқанның Қатысушысы болу және Науқанның Жүлдесін алуға үміткер болу үшін Науқан Ережелеріне сәйкес келетін тұлға Қатысушы Науқан кезінде Орифлэйм кеңесшісі болуы керек, яғни №2 2020 каталогының әрекет ету мерзімінде (2020 жылдың 26 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 15 ақпанына дейін қоса алғанда). 2020 жылдың 26 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 15 ақпанына дейін қоса алғанда қолданыстағы №2 2020 каталогта келесі өнімдердің біріне тапсырыс беру: Eclat Amour иіс суы (коды: 35649)

немесе Eclat Toujours иіс суы (коды: 35651) (бұдан әрі – «Өнімдер»), Науқан кезеңінде өнімдерге берілген осы тапсырыста 522020 науқан промокодын көрсетіңіз.

5.2. Науқан нәтижелерін анықтау кезінде ескерілмейді:

- осы Ережелердің 2.1 тармағында көрсетілген Науқан мерзімінен ерте немесе кеш берілген тапсырыстар.

- шет мемлекеттің аумағынан берілген тапсырыстар. Нәтижелерді қолға алу нүктелері Қазақстан Республикасының тіркелген IP адресстерінің пулы бойынша анықталады.

- Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын адамдар немесе Қазақстан Республикасында заңды түрде тұрмайтын (мысалы, тұруға ықтиярхат, уақытша және тұрақты тұруға ықтиярхат, жарамды виза және т.б.) шетел азаматтары орналастырған тапсырыстар.

- Жалған немесе алаяқтық жолмен алынған Науқан нәтижелері.

6. НАУҚАН ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

6.1. Ережелердің 7.1. тармағында көрсетілген Жүлделерге үміткер Науқан жеңімпаздары Науқан аяқталғаннан кейін анықталады. 4 (төрт) жеңімпаз анықталады. Науқан жеңімпаздары келесі тәртіппен анықталады:

6.1.1. Ережелердің 7.1.1. тармағында көрсетілген Жүлделерге үміткер Науқан жеңімпаздары Науқан аяқталғаннан кейін анықталады. 3 (төрт) жеңімпаз анықталады.

Осы Ереженің 7.1.1. тармағында көрсетілген Науқандық Жүлделерді Науқан шарттарын орындаған және Науқан Ұйымдастырушысы төмендегі формуламен анықталған Науқан Қатысушыларына беріледі:

$$N1=Y/250$$

$$N2=Y/25$$

$$N3=Y/5$$

мұнда N1-N3 = Науқан Жеңімпаздары;

Y = Науқанға Қатысушылардың жалпы саны, олар №2 2020 каталог кезеңінде (2020 жылдың 26 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 15 ақпанына дейін қоса санағанда) әрқайсысы Өнімге тапсырыс берген. Бұл тапсырыстар Ережелердің 2.2 тармағында көрсетілген мерзім ішінде Орифлэйм кеңесшісі болып табылатын қатысушылармен Ережелердің 2.2 тармағында көрсетілген мерзім ішінде орналастырылып, толық төленуі керек.

6.1.2. Ережелердің 7.1.2. тармағында көрсетілген Жүлдені алуға үміткерлер арасынан Жеңімпазды анықтау Науқан аяқталғаннан кейін анықталады. Науқанның 1 (бір) Жеңімпазы анықталады.

Осы Ережелердің 7.1.2. тармағында көрсетілген Жүлдені Науқан шарттарын орындаған және Науқан ұйымдастырушысы келесі формула бойынша анықтаған Науқанға қатысушы алады:

- $$N4=((Y-150)*75/115)$$

мұнда N4 = Науқан Жеңімпазы;

Y = Науқанға Қатысушылардың жалпы саны, олар №2 2020 каталог кезеңінде (2020 жылдың 26 қаңтарынан бастап 2020 жылдың 15 ақпанына дейін қоса санағанда) әрқайсысы Өнімге тапсырыс берген. Бұл тапсырыстар Ережелердің 2.1 тармағында көрсетілген мерзім ішінде Орифлэйм кеңесшісі болып табылатын қатысушылармен Ережелердің 2.1 тармағында көрсетілген мерзім ішінде орналастырылып, толық төленуі керек.

6.2. Осы Ережелердің 7.1. тармағында көрсетілген Жүлделерді жеңіп алған Қатысушыларды анықтау үшін Ұйымдастырушы Науқан нәтижелеріне сүйене отырып, Науқан туралы есепті талдай отырып, осы Ережелерге сәйкес Науқанға қатысқан барлық қатысушылардың санын Нұр сұлтан уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан 00 сағаттан бастап 23 сағат 59 минут 59 секундқа дейін есептейді. Осы қатысушылардың саны осы Ережелердің 6.1. тармағында көрсетілген формулаларға енгізіледі. Алынған сан оннан бір бөлігінсіз, төменгі мәніне қарай бүтін санға дейін дөңгелектенеді. Осылайша, Науқан ұйымдастырушысының базасында жүлдеге ие болған Қатысушының жеке реттік нөмірі анықталады.

6.3. Осы Ережелердің 7.1. тармағында көрсетілген Жүлделердің сапасына қатысты Ұйымдастырушының міндеттері оны өндіруші беретін кепілдіктермен шектелген. Жүлделердің сапасына қатысты шағымдар осы жүлделерді өндірушіге тікелей жіберілуі керек. Жүлделердің тұтастығын Жеңімпаздар жүлделерді алған сәтте тексереді.

6.4. Егер Науқанның нәтижелерін жасанды түрде өзгерту әрекеттері байқалса, Ұйымдастырушы осы жолмен алынған нәтижелерді алып тастауға (ескермеуге) құқылы.

6.5. Ұйымдастырушы осы Ережелердің 7.1-тармағында көрсетілген Жүлделердің аттарын, құрамын және санын өз қалауы бойынша өзгертуге құқылы.

6.6. Науқанның Ұйымдастырушысы Жеңімпаздардың аты-жөні және оның тұратын қаласы көрсетілген Науқан нәтижелерін Науқан сайтында 2020 жылдың 6 наурызынан бастап 2020 жылдың 20 наурызына дейін қоса санағанда орналастырады.

7. НАУҚАННЫҢ ЖҮЛДЕЛЕРІ

7.1. Осы Ережелердің 6.1.1.- 6.1.2. тармақшаларына сәйкес анықталған 4 (төрт) Жеңімпазға арналған Жүлделерге келесілер кіреді:

7.1.1. 3 (үш) Norrsken «Грация» аксессуарлар жиынтығы, олардың әрқайсысы: сырға (коды 43795) мен алқадан (код 43802) тұрады.

7.1.2. Парижге екі адамға арналған 1 (бір) жолдама. - тұрғылықты жерден және кері қарай екі адамға демалыс күндеріне, екі күнтізбелік күн бойы кемінде 3 жұлдызды қонақ үйде тұру, сапар кезінде трансферлер (аэропорт – қонақ үй – әуежай).

7.2. Жүлделерді Науқан Ұйымдастырушысы ұсынады. Осы Ережелердің 7.1. тармағында көрсетілген Жүлделердің моделі, комплектациясы және түсі Науқан Ұйымдастырушысымен таңдалады.

7.3. Қатысушылар Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес Ұйымдастырушы салық органына Жүлде иегері атанған жеңімпаздардың кірістері туралы және тиісті деңгейде есептелген және бюджетке аударылған жеке табыс салығы туралы ақпарат беретіндігі туралы хабарланған. Сондай-ақ, Қатысушыларға Жүлденің ақшалай бөлігі қолға берілмейтіні, бірақ ЖШС бюджетке салық төлеуді жүзеге асыратын салық агенті болып табылатындығы негізінде оның бюджетке аударылатындығы туралы ескертіледі.

8. ЖҮЛДЕНІ АЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ МЕРЗІМІ

8.1. Ұйымдастырушы Науқанның әр Жеңімпазына Жүлденің берілуі туралы Қатысушыға тиесілі электрондық пошта мекенжайына және www.oriflame.kz сайтында тіркелу кезінде көрсеткен оның жеке кабинетіне хат жіберу арқылы хабарлайды. Жеңімпаз Ұйымдастырушының хатына жіберген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жауап беруге және барлық сұралған ақпаратты ұсынуға міндетті. Сұратылатын мәліметтер келесі ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: аты-жөні, тұрғылықты жерінің немесе тұрақты тұратын жерінің мекен-жайы, ЖСН, туған күні, жеке куәлік/төлқұжат нөмірі, кім және қашан берілгені, байланыс телефоны, жеке куәліктің/төлқұжаттың алғашқы бетінің сканы (көшірмесі), сондай-ақ белгіленген тәртіппен алынған мекенжай анықтамасы. Егер Ереженің осы тармағында көрсетілген мерзім өтіп кеткен болса, Ұйымдастырушы ақпараттық хатқа жауап бермеген Қатысушыны, Сыйлықты алудан бас тартқан деп есепейді де, Науқанның басқа Қатысушысына осы Ережеде көрсетілген негіз бойынша беруге құқылы. Науқанды Ұйымдастырушы сонымен қатар Жүлдегерге осы Жүлдені ұсынуға қажетті барлық ақпаратты нақтылау үшін оған телефон нөмірі арқылы байланысуға құқылы.

8.2. Осы Ережелердің 7.1. тармағында көрсетілген Жүлделер Жеңімпаздардан олардың қаласына жақын орналасқан Орифлэйм қызмет көрсету орталығында Ұйымдастырушы сұраған барлық ақпаратты алғаннан кейін, 2020 жылдың 30 тамызына дейін беріледі. Жүлде Науқан жеңімпазы төлқұжатын көрсеткен жағдайда беріледі.

Жеңімпаздың Жүлдені алған күні комиссияның Хаттамасымен белгіленеді және Жүлдені қабылдағаны расталады.

9. ТАЛАП ЕТІЛМЕГЕН ЖҮЛДЕЛЕР

9.1. Науқан Ережелерінде талап етілмеген Жүлдені сақтау және оны Науқанның мерзімі аяқталғаннан кейін талап ету мүмкіндігі қарастырылмаған.

9.2. Науқанға Қатысушы талап еткен Жүлде, егер Науқан Ұйымдастырушысы осы Ережелерге сәйкес өз міндеттемелерін тиісті түрде орындаған жағдайда, Ұйымдастырушы оны сақтамайды, қолға бермейді, ауыстырмайды және Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша пайдаланылады.

10. НАУҚАНҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ НАУҚАН ШАРТТАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ӘДІСІ МЕН ТӘРТІБІ

10.1. Науқан Ережелері ашық қол жетімділік үшін Интернетте www.oriflame.kz сайтында толық көлемде орналастырылады.

10.2. Ұйымдастырушы Науқан туралы қосымша ақпарат орналастыру құқығын өзіне қалдырады. Егер Ережелер өзгертілсе немесе Науқан тоқтатылса, Ұйымдастырушы бұл туралы Интернетте www.oriflame.kz сайтында хабарлайды.

10.3. Ұйымдастырушы Науқанға қатысушыларды хабардар етудің қосымша құралдарын пайдалануға құқылы.

11. АРНАЙЫ ШАРТТАР

11.1. Жүлделердің сыртқы түрі жарнамалық материалдардағы бейнелерінен өзгеше болуы мүмкін. Жүлделердің параметрлері мен сипаттамалары, түсі мен жабдықталуы Ұйымдастырушының қалауы бойынша анықталады.

11.2. Егер Қатысушы Науқан Ережелеріне сақтамаса, Жүлделер берілмейді.

11.3. Жүлделер құнының ақшалай баламасы төленбейді.

11.4. Ұйымдастырушының Науқанға қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдері түпкілікті болып табылады және қайта қарастырылуға жатпайды.

11.5. Науқанға Қатысушылар Жүлделерін алған сәттен бастап олардың кездейсоқ жойылып кету, жоғалу немесе бүліну қатеріне жауапты болады.

11.6. Ұйымдастырушының Науқан Қатысушылар алдындағы Жүлде беру жауапкершілігі тек Науқан Ережелерінде көрсетілген Жүлделердің саны мен сапасымен шектеледі.

11.7. Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушылармен жазбаша келіссөздер немесе басқа байланыстар жасамауға құқылы.

11.8. Ұйымдастырушының Жүлделердің сапасына қатысты міндеттері оларды өндірушісі беретін кепілдіктермен шектеледі.

11.9. Егер Жүлде Қатысушының кінәсі бойынша Ұйымдастырушыға қайтарылса, ол тұлға Науқан Ережелеріне сәйкес тағайындалған Жүлдені қайта талап ете алмайды. Науқанға Қатысушының кінәсі бойынша алынбаған Жүлде бойынша шағымдар қабылданбайды.

11.10. Науқан Жеңімпазына Жүлдені жеткізу/беру бойынша міндеттемелерді орындау үшін Ұйымдастырушы осындай әрекеттерді орындау үшін қарастырылған және қажет ақпаратты талап етуге құқылы. Науқан Жеңімпазының жоғарыда көрсетілген ақпаратты беруден толық немесе ішінара бас тартуы Ұйымдастырушыны Жүлдені беру міндетінен автоматты түрде босатады.

11.11. Жүлдеге үміткер Қатысушы Ұйымдастырушы Жүлде алуға шарт ретінде қойған барлық құжаттарды толтырып, қол қоюға міндетті.

11.12. Жүлде Ұйымдастырушының келісімінсіз үшінші тұлғаға берілмейді / сыйланбайды және Ұйымдастырушы мұндай әрекеттен бас тартуға құқылы.

11.13. Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша барлық нәтижелердің күшін жоя алады, сондай-ақ Науқанға қатысу болуы мүмкін Науқан нәтижелерін бұрмалаудан пайда болатын немесе пайда алатын немесе осы Ережелерді бұза отырып әрекет ететін, деструктивті әрекет жасайтын немесе балағаттайтын, қорлайтын, сес көрсететін, мазалайтын әрекеттер жасайтын кез келген адамға Науқанға одан әрі қатысуға тыйым сала алады.

11.14. Егер қандай-да бір себептермен осы Науқанның кез-келген аспектісі жоспарланған түрде орындалмаса, оның ішінде компьютерлік вирустармен, Интернеттегі ақаулармен,

кемшіліктермен, манипуляциялармен, рұқсатсыз кедергіден, бұрмаланудан, техникалық мәселелермен байланысты немесе Ұйымдастырушы бақыла алмайтын кез келген себептерден туындаған болса; Науқанның жұмысына, қауіпсіздігіне, адалдығына, тұтастығына немесе дұрыс жүргізілуіне зиян келтіретін немесе әсер ететін болса, Ұйымдастырушы өз қалауы бойынша тоқтатуға, күшін жоюға, өзгертуге немесе уақытша тоқтатуға немесе немесе осы Науқанның кез келген бұрмаланған нәтижелерін жарамсыз деп тануға құқылы.

11.15. Науқанның барлық Қатысушылары Науқанға қатысуына байланысты барлық шығындарын (соның ішінде шектеусіз, телефон және пошта шығындары, сондай-ақ Интернетке қосылу шығындары) өздері дербес төлейді.

11.16. Ұйымдастырушы Қатысушы/Жеңімпаздың мекен-жайы туралы анық емес, толық емес, дәйексіз немесе қате деректер бергендіктен Жүлдені қате адреске немесе қате адресатқа жібергені үшін жауап бермейді.

11.17. Науқан Жеңімпазы кездейсоқ («ықтималды») түрде анықталмайды. Науқан лотерея немесе басқа, тәуекелге негізделген ойын болып табылмайды.

11.18. Осы Ережелерде реттелмеген, Науқанға қатысты барлық даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы негізінде реттеледі.

11.19. Науқанның бір қатысушысы Науқанның бір ғана Жүлдесін ала алады.

11.20. Науқан Ережелерімен келісе отырып, Науқан Қатысушысы автоматты түрде Ұйымдастырушының ақпараттық жіберілімінің жазылманы болады. Осылайша, Қатысушы Ұйымдастырушыдан оның электрондық поштасының мекен-жайы бойынша жаңалықтар алып тұруға, сондай-ақ Ұйымдастырушының өзіне құпиялылық сақтау міндеттемесін алған серіктес ұйымдарға оның деректерімен бөлісуге келіседі.

11.21. Қатысушының Конкурса қатысуы Ұйымдастырушыға, Ұйымдастырушының серіктестеріне Конкурсты өткізу мақсатында жеке деректерін өңдеуге келісім бергендігін растайды. Жеке деректерді өңдеу Конкурс ұйымдастырушысы, Конкурс ұйымдастырушының атынан әрекет ететін серіктестер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған қағидаттар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырады. Конкурса қатысу фактісі Қатысушының Конкурс ұйымдастырушысы, Ұйымдастырушының атынан әрекет ететін серіктестері, оның жеке деректерін Конкурсты өткізу мақсатында қажет кез-келген тәсілмен және осы Ережеде қарастырылған тәртіпте өңдеуге келісімін еркін, нақты, хабардар және саналы түрде білдіруі. Осы Ережелердің мақсаттары үшін жеке деректер деп Конкурса қатысушылардың жеке деректері – жеке дерек субъектілері, – «Деректер туралы» Заңда берілген анықтамаға сай түсініледі. Жеке мәліметтерді өңдеуге келісімді Қатысушы Конкурстың барлық мерзіміне және ол аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл өткенге дейінгі мерзімге береді. Конкурса Қатысушы кез-келген уақытта өзінің жеке мәліметтерді өңдеуге келісімін кері қайтарып алуға құқылы, ол үшін ол Конкурс Ұйымдастырушысына жеткізілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хат арқылы тиісті хабарлама жібереді. Қатысушының жеке деректерін өңдеуге келісімін кері қайтарып алуы оның автоматты түрде Конкурса қатысудан шеттетілуіне әкеп соғады және Конкурс Жүлдесін алуға мүмкіндік бермейді. Егер Қатысушы жеке деректерін өңдеуге келісімін қайтарып алғанға дейін тиісті Жүлдені талап етсе, Конкурс Ұйымдастырушысы осындай Жүлде беруге бас тартуға немесе оны қайтаруды (заттай немесе ақшалай баламада) талап етуге құқылы. Қатысушыдан жеке деректерді өңдеуге келісімін қайтарып алу туралы хабарлама алғаннан кейін, Конкурсты ұйымдастырушы оны өңдеуді тоқтатуы керек және Конкурс Ұйымдастырушысының атынан әрекет ететін тұлға мұндай өңдеуді тоқтатуы керек және егер жеке деректерді өңдеуге бұдан былай қажет болмаса, жеке деректерді жояды немесе жойылуын қамтамасыз етеді (егер жеке деректерді өңдеуді Конкурс Ұйымдастырушысының атынан әрекет ететін басқа тұлға жүзеге асыратын болса), көрсетілген қайтарып алу өтініші түскен күннен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзім ішінде, тек егер де Конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша жеке деректердің субъектісінің келісімінсіз жеке деректерін өңдеуге құқылы жағдайларды есепке алмағанда. Қатысушының Интернет-

сайттарда Конкурсқа қатысуға тіркеу кезінде ескірген, дәйексіз және (немесе) нақты емес мәліметтер көрсетуі, сондай-ақ кейіннен бермеу немесе ескірген (дұрыс емес) және (немесе) нақты емес (дұрыс емес) мәліметтерді беру Конкурсты Ұйымдастырушыны Жүлдені Жеңімпазға беру міндетінен босатады және мұндай Қатысушының автоматты түрде Конкурстан шеттетіледі. Қатысушылардың Конкурсқа қатысу үшін ұсынған барлық жеке мәліметтері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес сақталады.

11.22. Ұйымдастырушы, сондай-ақ Ұйымдастырушының Науқанды ұйымдастыруға және өткізуге уәкілеттік алған тұлғалары Қатысушының компьютері қосылған байланыс операторы немесе Интернет-провайдер желісінің техникалық ақаулары үшін; Қатысушының компьютері қосылған ұялы немесе Интернет байланысы операторының әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауап бермейді.

11.23. Осы Ережелерде қолданылатын терминдер тек осы Науқанға ғана қатысы бар.